



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРШТЕСТЕР!

Сіздерді 2024 жылдың 1 қараша күні өтетін ғалым, қоғам қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор Айдарбеков Зейнәбіл Смайлханұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «**ЦИФРЛАНДЫРУ ҒАСЫРЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ: ЕРЕКШЕЛІГІ, БАСЫМДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘСЕРІ**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырамыз.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ: қазіргі қоғамның трансформациясы мен динамикасы аясында жастардың негізгі дүниетанымдық бағдарларын қалыптастыру.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1. Қазіргі өркениеттің құндылықтық дағдарысы, оның Орталық Азияға әсері және одан арылу шарттары: қайнар көзі, негізгі салдары және ықтималды даму көкжиегі.
2. Дүниетанымдық бағдарлар дағдарысы және қазіргі әлемдегі жастарды зерттеу: дүниетаным, әдіснама, тәжірибе.
3. ХХІ ғасырдың жаһандық сын-талаптары: қоғамның әлеуметтік дамуын қайта құрудың философиялық, мәдени-тарихи, құқықтық және саяси мәселелері.
4. Білім берудегі цифрландыру: цифрлық технологиялар әлеміндегі жастар.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы, әл-Фараби орталығы, Түрік халықтары философиялық қоғамының қазақ комитеті, Жібек жолы университеттерінің қауымдастығы.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТІЛДЕРІ: қазақ, орыс, ағылшын, түрік

ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ: аралас (YouTube трансляциясымен онлайн, офлайн форматта)

КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ: 2024 жылғы 1 қараша, сағат 11⁰⁰.

ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби Ғылыми кітапханасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ. 71/27, 303 зал.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

8 (727) 377 33 30 (17-59) философия кафедрасы, +77082392971 (Раймбек Зейнуллин), +77022599472 (Динара Жандарбекова)

Электрондық пошта: filosofiya.kafedrasyy@gmail.com

Мекенжайы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби ғылыми кітапханасы. Алматы қ., әл-Фараби даңғ. 71/27, 303 зал.



Конференцияға қатысу формасы:

- офлайн, онлайн (баяндама жасау және жарияланым)

Конференцияға қатысу үшін:

2024 жылдың 30 қыркүйегіне дейін ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына баяндама тақырыбын және қатысу нысаны мен секциясын көрсете отырып, **тіркеу өтінімін;**

2024 жылдың 15 қазанына дейін баяндаманың мәтінін жіберіңіз.

Қатысу үшін тіркеу өтінімінің нысаны және материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар төменде келтірілген.

Баяндамалар мәтінін жариялау:

Таңдалған ғылыми баяндамалар конференцияның электронды жинағында жарияланады. Мақалалар авторлық басылымда жарияланады. Ұйымдастыру комитеті мақалаларды техникалық редакциялау құқығын өзіне қалдырады. Сонымен қатар, Ұйымдастыру комитеті конференцияға тікелей қатыспаған авторлар жіберген материалдарды әрбір нақты жағдайда қабылдамау себептерін түсіндірместен қабылдамау құқығына ие.

Тіркеу туралы өтініш формасы

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Ел, қала	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Қатысу формасы (офлайн, онлайн)	
Секция	
Баяндаманың тақырыбы (мақалалар)	
E-mail	
Байланыс телефондары	

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі – 5-7 беттен аспауы керек.

- мақала Doc форматында, Times New Roman шрифтіңде, жоларалық интервал – 1, шрифт өлшемі – 12, жоғарғы және төменгі жиектер – 20 мм, оң жағы – 15 мм, сол жағы – 30 мм;
- мақаланың тақырыбы 12 сөзден аспауы керек;
- тақырыбы мақала жазылған тілде беріліп, ағылшын тіліне аударылуы керек;
- аннотация ағылшын тілінде жазылады және негізгі мәтіннің алдында беріледі;
- аннотациядан кейін 5 кілт сөз көрсетіледі;
- мақала мәтіні кілт сөздерден кейін екі интервалмен беріледі.

Автор туралы: Мақала тақырыбынан кейін 1 интервалдан кейін автордың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі; осы деректердің оң жағында (*) таңбасы арқылы ғылыми дәрежесін, атағын, лауазымын, ұйымын және электрондық пошта мекенжайын көрсететін сілтеме беріледі.

Анықтамалар мен әдебиеттер тізімін тіркеу: Дереккөзге сілтеме атауы, шығарылған жылы және бет нөмірі көрсетілген төртбұрышты жақшада беріледі.

Үлгі: [Айдарбеков, 2010: 15].

- Пайдаланылған әдебиеттер аталу ретімен негізгі мәтіннен кейін беріледі.
- Пайдаланылатын көздердің саны кемінде 5 болуы керек.

ЗЕЙНӘБІЛ СМАЙЛХАНҰЛЫ АЙДАРБЕКОВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының профессоры, философия ғылымының докторы, ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Философиялық Конгресінің мүшесі.

Зейнәбіл Смайлханұлы Айдарбеков 1964 жылы 17 қыркүйекте Түркістан облысы, Ленгер қаласында шахтер отбасында дүниеге келген. Мәскеу қаласындағы Орталық комитет жанындағы Бүкілодақтық Ленин Коммунистік Жастар одағы Жоғары комсомол мектебін (Қазіргі Мәскеу гуманитарлық университеті) тәмамдаған. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында магистратураны аяқтап, АҚШ, Сингапур, Нидерланды, Қытай, Болгария және басқа да елдердің жетекші мемлекеттік саясат мектептерінде халықаралық тағылымдамадан өтті.

Еңбек жолын 1981-1983 жылдар аралығында жұмысшы құрылысшыдан бастады, кейін 1983-1985 жылдары Кеңес Армиясында қатарында қызмет етті (әскери-саяси дайындықтың үздігі, сержант). 1985 жылы КСРО Әскери-теңіз күштерінің Бас саяси басқармасының ұсынысы бойынша Мәскеу қаласындағы Орталық комсомол комитеті жанындағы Жоғары комсомол мектебіне оқуға түседі. Университетті бітіргеннен кейін Қазақстан комсомолы жастарының Лениндік коммунистік одағының Шымкент облыстық комитетінде жауапты ұйымдастырушы болып жұмыс істеді. 1991 жылдан бастап шаруашылық жұмысқа ауысып, «Талап» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік кәсіпорнының бас директоры қызметін атқарды және осы жылдар ішінде Қазақстанның әртүрлі аймақтарында нарық жағдайында жұмыс істеуде мол тәжірибе жинақтады. 1993 жылғы тамыз бен 1995 жылғы маусым аралығында «Атакент» ҚБО АҚ «Атакент-Сауда» басқарушы директоры, 1995-1997 жылдар аралығында Пикат компаниясы ЖАҚ директоры болып жұмыс істеді.

1997 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Философия және саясаттану институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 1997 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да әлеуметтік философия бойынша (09.00.11.) «Нарық жағдайындағы тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1998 жылдың наурызынан 2000 жылдың шілдесіне дейін «Қазақ Энциклопедиясының» Бас редакторының орынбасары, 2000 жылдың тамызынан 2002 жылға дейін БҚО Қарашығанақ кен орнында «Қазкомсервис-Ақсай» сервистік компаниясының директоры, 2002 жылдың тамыз айынан бастап Орал қаласындағы «Еуразия» менеджмент және әлем тілдері институтының доценті, 2003 жылдың ақпан айынан бастап Орал қаласындағы М. Өтемісұлы атындағы БҚМУ-да доцент, проректор, ректор кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап 10 жыл бойы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі, Президент мұрағаты директорының орынбасары қызметін атқарды және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасында ұлттық мемлекеттік саясат мектебінде алғашқылардың бірі болып оқыды. 2008 жылдан бастап ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия және саясаттану институтының жетекші ғылыми қызметкері болды.

2009 жылы ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтында «Қазақстан Республикасы жастарының идеялық-құндылық бағдарларын әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбында әлеуметтік философия бойынша докторлық диссертациясын қорғады. 2014-2022 жылдар аралығында жас мүгедектерге көмек көрсетіп, мүгедектер ісі жөніндегі бюроның басшысы болды. 2014 жылдың мамырынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университетінде Тарих және қоғамдық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2019 жылдан Моңғолиядағы Шыңғыс хан атындағы Халықаралық университетінің профессоры, Бейжің мұнай университетінің құрметті профессоры, Ресей философиялық қоғамының және Қазақстан философиялық конгресінің мүшесі, сондай-ақ Мәскеудегі «Ғылыми кеңес» ғылыми журналының редакциялық кеңесінің мүшесі. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры. Зейнәбіл Смайлханұлының 100-ден астам мақалалары және 5 монографиясы, 2 патенті жарық көрді.